

Мәртөк ауданының шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектепке тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 272 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 05 тамызда № 4455 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 14 тамыздағы № 343 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімдігінің 14.08.2015 № 343 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14 бабы 3 тармағының 3-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау Қағидасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданының шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектепке тасымалдаудың схемасы мен тәртібі 1, 2 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Күзембаева жүктелсін.


3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қалауов

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 272 қаулысына 1 қосымша

Мәртөк ауданының шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектепке тасымалдаудың схемасы



Мәртөк ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі № 272 қаулысына 2 қосымша

Мәртөк ауданының шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектепке тасымалдаудың тәртібі 1. Жалпы ережелер

1. Мәртөк ауданының шалғайдағы елді мекенінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектепке тасымалдаудың осы Тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабының 3 тармағы 3-1) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысымен бекітілген автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес әзірленген.

2. Балаларды тасымалдау тәртібі

2. Балаларды тасымалдау Қағиданың талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен және әрбір балаға отыратын жеке орын беріле отырып жүзеге асырылады.

3. Балаларды тасымалдау үшін бөлінген автобустардың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсету өткізудің көлемдері мен мерзімдері, жабдықтары Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс.

4. Автобустармен тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны осы көлік құралы үшін белгіленген және отыру үшін жабдықталған орындардың санынан аспайды.

5. Автобустармен балаларды тасымалдау балаларды тасымалдау бойынша қызмет көрсетуге ата-аналардың жазбаша өтінімдері негізінде тасымалдаушылармен жүзеге асырылады.

6. Тапсырыс беруші тасымалдауды орындау алдында онда лауазымды адамдардың, топтар бастықтарының, бірге еріп жүрушілердің міндеттерін, маршрутын, мезгілдерін, жол жүруді дайындау және өткізу тәртібін, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды анықтай және регламенттей отырып, бұйрықпен балалардың тасымалдауын ұйымдастыру туралы шешім ресімдейді.

7. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындай жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

Күзгі-қысқы кезеңде алаңшалар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

8. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты түрде (айына кемінде бір рет) тексереді.

9. Балалардың топтарын 22:00 ден бастап 06:00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдауға, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр) рұқсат етілмейді.

10. Балаларды тасымалдау үшін келесі жүргізушілер жіберіледі:

- 1) жасы жиырма бес жастан кем емес;
- 2) тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі бар;
- 3) бес жылдан кем емес жүргізушілік жұмыс өтілі, оның ішінде мүмкіндігінше автобустың жүргізушісі ретінде үш жылдан кем емес жұмыс өтілі бар.

11. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне рұқсат етілмейді :

- 1) 60 км/сағат артық жылдамдықпен жүру;
- 2) маршрутың бағытын өзгерту;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе мүкәммалды тасымалдау;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығу;
- 5) автобусты артқа қарай қозғалысты жүзеге асыру;
- 6) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жоқ болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастап кету немесе көлік құралын қалдыру.

12. Еріп жүрушілер автобуска отырғызу және одан түсіру, автобус қозғалысы

кезінде, аялдау уақытында балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

13. Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен автобус толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі.

14. Еріп жүрушілер балаларды отырғызу орнына ұйымдасқан тәртіпте жеткізеді.

15. Еріп жүруші отырғызу (түсіру) аяқталғаны туралы хабар бергеннен және автобус есіктері толық жабылғаннан кейін жүргізушіге отырғызу (түсіру) орнынан автобус қозғалысын бастауға рұқсат етіледі.

3. Қорытынды

16. Осы шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдау тәртібімен реттелмеген қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес реттелінеді.